

**«Мерген ару-2025»  
пневматикалық мылтықтан нысана көздеп ату сайысының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Міндеті мен мақсаты:**

1. Жеткіншек ұрпақ арасында Отансүйгіштік және патриоттық сана-сезімді қалыптастыру;
2. Облыстық мектептерінің оқушылары арасында әскери-қолданбалы спорт түрлерін дамыту.

**Жарысқа қатысушылар саны:**

3. Облыстық «Мерген ару-2025» пневматикалық мылтықтан нысана көздеп ату сайысына әр аудан, қаладан бір команда қатыстырылады. Команда құрамы 2 қатысушы (қыз бала), 1 (бір) жаттықтырушы. Барлығы 3 (үш) адам.

**Өткізілу уақыты мен орны:**

Облыстық «Мерген ару-2025» пневматикалық мылтықтан нысана көздеп ату сайысы ағымдағы жылдың 21ақпан күні № 19 Т. Айбергенұлы атындағы мектеп-гимназиясы базасында өтеді.

**Жеңімпаздарды анықтау:**

Атыс 10 (он) метр қашықтықтан, № 8 П нысанасына (мишень) ашық көздеуішті пневматикалық мылтықтан жүргізіледі.

Ескерту: Жарысқа диоприялық, оптикалық, лазерлік көздеуіші бар мылтықтармен қатысуға тыйым салынады.

**Жаттығу түрлері:**

ВП-I шынтақпен бағанаға немесе тіреуге сүйеніп, тұрып ату;

ВП-II тіреусіз, тұрып ату.

Ұпай, жарыстың екі түрі бойынша қосылып, анықталады.

Жарысқа қатысушы әр оқушы 13 (он үш) оқтан атыс жүргізеді.

ВП-1 жаттығу бойынша 13 оқ, оның 3-і дайындық оқтары, 10-ы ұпайға есептеледі. Максималды ұпай 100.

ВП-2 13 оқ, оның 3-і дайындық оқтары, 10-ы ұпайға есептеледі. Максималды ұпай 100.

Ең көп ұпай жинаған команда және жекелей оқушылар жеңімпаз атанады.

**Марапаттау:**

Командалық 1-3 орын және жекелей 1-3 орын алған оқушылар грамота, кубок және медальдармен марапатталады

**Сұраныс үлгісі**

№ р/с	Жетекшісінің және қатысушының ТАӘ	Туған күні, айы, жылы	Жеке куәліктің немесе туу туралы куәліктің нөмірі, ЖСН, кім және қашан берді	ӘПК, оқу орнының, елді мекеннің (ауыл, аудан, қала, атауы	Жарысқа жіберу туралы дәрігердің белгісі, мөрі, дәрігердің қолы
1.					Рұқсат етілген

